


# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



## Қауымның тууы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest  
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Иса өлген кезде, Оның қорқақ ізбасарлары жасырынып қалды. Иса өлімнен қайта тірілгеннен кейін Ол Өзінің шәкірттеріне көрінді. Иса тірі болатын! Бірақ... Иса оларды тастап, Өзінің Құдай Әкемен әрдайым бірге тұрған мекені Көкке қайтып оралуды жоспарлады.



Кетер  
алдында Иса

Өзінің ізбасарларына Құдайдың  
Рухын жіберетініне уәде берді,

Ол олардың Жұбатұшысы және Қамқоршысы болады  
(Жохан 15:26). Уақыт жақындап қалған! Иса кеткен  
соң, бірнеше күннен кейін Құдай Киелі Рух келді.


3

Бұл былай болды. Исаның 120-дай шәкірті бәрі  
бірге бір үйде сиынып отырған. Кенет үй қатты  
соққан желдің шуына толып кетті.



4

Жалындай жалаңдаған тілдер әр адамға қонды.  
Олардың бәрі Киелі Рухқа кенелді – Иса уәде  
еткендей!




5

Көшеде Исаның шәкірттері өздері бұрын ешқашан  
білмеген тілдерде сөйлеп кетті. Иерусалимге келген  
шетелдіктер шәкірттер көптеген тілдерде Құдайдың  
керемет істері жөнінде айтып жатқанын естіді.

Келушілер қайран қалды. «Бұл не болғаны?»

–деп сұрады олар.

«Олар жас  
шарапқа  
тойып алған  
ғой», –деп  
мысқылдады  
басқалар.




6

Бірақ Петір: «Олар мас емес... бұл Жоел пайғамбар  
айтқан нәрсе...» Мұнан кейін Петір оларға Құдайдың  
көп жылдар бұрын адамдарды жарылқап көмектесу  
үшін Киелі Рухтың келетіні  
жайлы уәде бергенін  
естеріне салды.



7

Петір адамдарға күнәларынан бас тартып, Иса  
Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтулері  
керектігін айтты. «... сонда сендер Киелі Рухтың  
сыйын аласыңдар», –деді Петір. Шамамен 3000  
адам мойынсұнды. Олар шәкірттерге Исаның



табынушылары  
ретінде қосылды.  
Уақыт өте келе  
Киелі Рух қонған  
сол күні Құдай  
негізін қалаған  
қауымға  
қосылған адам  
саны өсе берді.

8




Киелі Рух Өзінің күшін Құдай халқының өміріне алып келді. Бір күні Петір мен Жохан ғибадатханаға Құдайға сиынатын мезгілде өрлеп барды. Оның қақпасында аяғы сал адам қайыр сұрап отыратын. Ол Петір мен Жоханнан ақша сұрады.



9

Сонда Петір: «Менде алтын мен күміс жоқ, бірақ өзімде барды мен саған берем: Назареттен шыққан Иса Мәсіхтің атымен тұр да жүріп кет!» – деді. Сосын ол оның оң қолынан ұстап, оны демеп көтерді. Сонда ол орнынан ұшып тұрып жүріп кетті, сосын ғибадатханаға олармен бірге кірді – жүрді, секірді және Құдайды мадақтады.



10

Бұл кереметке қайран қалған үлкен тобыр жиналды. Петір оларға мүгедек адамды сауықтырған өзінің күші емес, Құдайдың күші екенін айтты. Ал Петір бұл

еврейлерге Құдайдың Исаны өлімнен қайта тірілтіп алғанын естеріне салған кезде, ғибадатхана басшылары ашуланып, Петір мен Жоханды түрмеге қамады. Алайда шамамен 5000 адам Исаға сеніп қойған.




11

Келесі күні Петір мен Жохан ғибадатхана басшыларының алдында тұрды. «Сен мұны қандай күшпен немесе Кімнің атымен істедің?» – деп сұрады басшылар. Киелі Рухқа кенелген Петір батыл жауап берді: «... Сіздер айқышқа керіп шегелеген, Құдай өлімнен тірілткен назареттік Иса Мәсіхтің атымен бұл адам сауығып, сіздердің алдарыңызда тұр».



12

Петір қорықпастан сөзін жалғастырды: «... аспан астында бізді құтқаратын басқа есім адамдарға берілмеген». Адамдардың Исаға сеніп кеткендерін қаламаған басшылар Петір мен Жоханға қоқан-лоққы жасады: «Бұдан былай Исаның атымен ешкіммен сөйлеспендер».



13

Бір кезде Петір Исаны жақтауға қорқып еді. Бірақ бұл, Киелі Рух келгенге дейін болған. Енді оны ешкім қорқыта алмады.



14

Петір мен Жохан: «Құдайдан гөрі сіздерді тыңдау Оның көз алдында дұрыс болар ма екен, оны өздеріңіз салмақтаңыздар. Өйткені біз көріп-естігеніміз жайында үнсіз қала алмаймыз», –деп жауап берді.



15

Тағы да қорқыта түскен басшылар Петір мен Жоханды босатып жіберді. Құдайдың ержүрек қызметкерлері өздерінің жолдастарына түрме мен сот жайында бәрін айтып берді.



16

Содан соң олар үлкен мінәжат және мадақтау жиынын өткізді. Сонда Құдайдың Киелі Рухы Өзінің халқын күшке кенелтті, солайша жаңа туған қауым өскен үстіне өсе берді.



17

Қауымның тууы

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Елшілердің істері 1-4

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

55



60

19